

## "Қосылған құнға салық және Қазақстан Республикасының аумағынан әкелінетін тауарларға қатысты акциздерді қолдану тәртібі туралы" Нұсқауды бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 ж. 14 сәуір N 243. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 26.04.1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 743. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан ұзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
с ә й қ е с

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

37. "Қазақстан Республикасының аумағынан әкелінетін тауарларға қатысты Қосылған құнға салық және акциздерді қолдану тәртібі туралы" Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 14 сәуірдегі N 243 V990743\_ бұйрығы.

-----

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Жарлығына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес өзгерістер мен толықтыруларды ескеріп бұйырамын:

1. "Қосылған құнға салық және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға қатысты акциздерді қолдану тәртібі туралы" осыған қосылған Нұсқау бекітілсін.

2. "Қосылған құнға салық және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға қатысты акциздерді қолдану тәртібі туралы" Нұсқау оны мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

3. Әкімшіліктендері департаменті осы бұйрықты салық және кеден органдары

мен салық төлеушілердің назарына жеткізсін. 4. Облыстар, Астана мен Алматы қалалары бойынша салық комитеттерінің тәрағалары, кеден басқармаларының бастықтары осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етсін. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс Вице-министрі Қ.А. Нұрпейісовке жүктелсін. Министр Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға қатысты қосылған құнға және акцизге салық салуды қолдану тәртібі туралы Нұсқаулық Ескерту: Бұкіл мәтін бойынша "Салық және бюджетке басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы " деген сөздермен тиісті септіктерде ауыстырылсын; "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздермен тиісті септіктерде ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V 990946 \_

1. Осы Нұсқаулық "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заңы, "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368\_ Заңы негізінде жасалды және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға Қазақстан Республикасының кеден заңдары бекіткен кеден режимдеріне сай кедендік рәсімдеу барысында қосылған құн салығын (ҚҚС) және акциз төлеу тәртібін бөлгілеуді.

2. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларға ҚҚС салынады. Импортқа салынатын ҚҚС ставкасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасы Заңының 66-бабының 4-тармағында белгіленіп, осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында келтірілген тауарларды импорттау барысында салық салынатын импорттың 10 процент ставкасын көздейтін, сондай-ақ көрсетілген тармақтың екінші бөлімінде келтірілген жағдайлардан басқа уақытта импортқа салынатын ҚҚС ставкасы салық салынатын импорт көлемінің 20 процентіне тең болады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуышы мемлекеттерден әкелінген тауарлар бойынша (Сауда жасауда ҚҚС "арналған елді" принципін қолданатын мемлекеттерден басқа) ставка айырмасы алынады. Ставканың айырмасы шот-фактурада бөлек жолда жазылып көрсетілген, ҚҚС есептелген ҚҚС ставкасы мен осы тармақтың бірінші бөліміндегі ережелерге сәйкес тауарларды импорттауда Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ҚҚС ставкасының айырмасы есебінде белгіленеді. Мұндай жағдайда шот-фактурада көрсетілген

тауарлар құнының (берерменге 20 % мөлшерінде ҚҚС төленген немесе төленуге тиісті), ҚҚС сомасының меншікті салмағы 16,67 %-тен, осы Нұсқаудың сәйкес тауарлар бойынша 9,09 %-тен төмен болмауы тиіс. Егер шот-фактурада көрсетілген ҚҚС сомасының меншікті салмағы келтірілген көрсеткіштен төмен болса, берерменге төленген (төленуге тиісті) ҚҚС сомасының есептелген салық ставкасы мынадай ретпен анықталады:  $C_m = C/(K-C) \times 100$ , мұнда  $C_m$  - берерменге салық төленген (төленуге тиісті) ҚҚС ставкасы;  $C$  - шот-фактурада көрсетілген ҚҚС сомасы;  $K$  - шот-фактурада көрсетілген импортталған тауарлардың ҚҚС-ын қоса есептегендегі құны. Берерменге төленген немесе төленуге тиісті ҚҚС сомасы есептелген ҚҚС ставкасын анықтағаннан кейін Қазақстан Республикасы аумағына тауар әкелгенде қолданылатын ҚҚС ставкасының айырмасы төмендегідей ретпен белгіленеді:  $C_a = C_{im} - C_m$ , мұнда  $C_a$  - ҚҚС ставкаларының айырмасы;  $C_{im}$  - осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген ҚҚС ставкасы.

ТМД-ға мүше емес мемлекеттерде өндірілген тауарлар ТМД-ға қатысушы-мемлекеттерден әкелінгенде ҚҚС жалпы белгіленген тәртіппен алынады.

Сауда жасауда ҚҚС "арналған елді" принципі бойынша қолданылатын ТМД-ға қатысушы-мемлекеттерден әкелінетін тауарлардан ҚҚС жалпы белгіленген тәртіппен алынады.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес имортталған тауарларға мынадай:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңында белгіленіп, осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде келтірілген;

2) Қазақстан Республикасы заңдары негізінде бекітілген тауар импортын ҚҚС салығынан босатуды көздейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сай келген жағдайларда салық салынбайды.

Ескерту: Ескерту 2-тармақ өзгерілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V 9 9 0 9 4 6 \_

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңының 76-бабында белгіленген және осы Нұсқаулықтың 1-бөлімінің 7-тармағында келтірілген акцизделетін тауарлар Қазақстан Республикасы аймағына әкелінгенде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңының екінші баптың 6 және 135-бабының 3-бөліміндегі, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының

Заңындағы (осы Нұсқаулықтың 1-бөлімінің 4-тармағы) басқа жағдайлардың бәрінде де Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген және кеден мағлұмдамасын қабылдаған күні қолданылып жүрген ставка бойынша ақцизделеді.

ТМД СЭҚ ТН 2710 00 270 - 2710 00 360, 2710 00 610 - 2710 00 690 коды бойынша сыныпталатын, ТМД-ға қатысушы-мемлекеттерде (саудада "арналған ел" принципі бойынша жанама салық алынатын мемлекеттерден басқа) шығарылған және әкелінетін, қазақстандық шикізаттардан жасалған тауарлардан басқа, бағалары әкелінетін тауарлар үшін Қазақстан Республикасында белгіленген акцизден төмен ставкалар қолданыла отырып қалыптастырылатын ақцизделетін тауарлар.

Акцизделетін импортталған тауарларға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мынадай жағдайларда:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделіп, осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде көрсетілсе;

2) Қазақстан Республикасы зандары негізінде бекітілген тауар импортын акциз салығынан босатуды көздейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сай келсе;

3) акцизделетін тауарларды (ТМД СЭҚ ТН 2203 00, 2204 (2204 30 басқа), 2205, 2206 00, 2207, 2208, 2402 кодтары бойынша тауарлардан басқа, 2709 00-ден - газ конденсатын қоса, мұнай шикізаты) ТМД-ға қатысушы-мемлекеттерден әкелгенде (Сауда жасауды акциздеу "арналған елді" принципі бойынша қолданылатын мемлекеттерден басқа) және ТМД-ға қатысушы-мемлекетте өндірілген жағдайда - акциз салығы алынбайды.

Сауда жасауда акциз "арналған елді" принципі бойынша қолданылатын ТМД-ға қатысушы-мемлекеттерден әкелінген тауарлардан акциз тиісті Келісімдердің ережелерін ескере отырып, жалпы белгіленген тәртіппен алынады.

Ескерту: Ескерту 3-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V 9 9 0 9 4 6 \_

4. Жер қойнауын пайдалануға байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметімен немесе отандық болмаса шетелдік жер қойнауын пайдаланушылармен 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін құзыретті органдармен жасалған шарттарда белгіленген, сондай-ақ көрсетілген күннен кейін жасалған жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарттарды жүзеге асыру 1996 жылдың 1

қаңтарынан кейін жасалған, міндettі салық сараптамасынан өткен шарттарды шарттың жасалған күніне дейін қолданылып жүрген келісімдерде салықтан босату немесе салық режимін қолдану көзделген, мұндай жағдайда осы келісімдер шарттың әрекет ететін бүкіл мерзімінде, оның ішінде салық көлемін кемітуге немесе оны төлеуден босатуға байланысты заңдар өзгеріске ұшыраған

к е з д е                    д е                    қ о л д а н ы л а                    б е р е д і .

Бұл орайда, жер қойнауын пайдалану шарттарымен белгіленген салық режимін қолдануды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі немесе республиканың құзыретті органдары берген шарттар негізінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті және Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті арқылы не республиканың заңдарымен белгіленген тәртіппен тіркелген, көрсетілген шарттар шеңберінде қызметіне салық салу жөніндегі арнаулы нұсқаулық арқылы жүзеге асырылады.

5. "Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бабына сәйкес, акцизделетін және/немесе шетелдіктер қатысатын кәсіпорындар арқылы өндеусіз сатылуға арналған тауарларға, шетел инвестицияларды жүзеге асыру кезінде шетел инвесторы жағдайының нашарлауына байланысты заң әрекет ететін шетел инвестицияларынан басқа жағдайда ҚҚС инвестицияларды жүзеге асыру кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес алынады.

Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық комитетінің қорытындысы заңдарды осылайша қолданудың дұрыстығы болып табылады.

Осы тармақта көрсетілген ережелерге сәйкес әкелінген тауарлар, соның ішінде акцизделетін қатарына шетелдік инвестициялар, атап айтқанда импортталған және өндеусіз сатуға арналған тауарлардан басқа жылжитын

м ү л і к т е р                    д е                    ж а т а д ы .

Ескерту: Ескерту 5-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086  
бұйрығымен. V 9 9 0 9 4 6 \_

6. ҚҚС алуды және/немесе "арналған елі" принципі бойынша акциздеуді көздейтін тауарларды (жұмыстар мен қызмет көрсетулерді) экспорттау-импорттау кезінде жанама салық алу принциптері туралы Қазақстан Республикасының ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен келісім жасауы және белгіленген тәртіп бойынша бұл келісімдердің бекітіліп қүшіне енгенге дейін салық салу жүктелген кеден органдары мыналарды басшылыққа алуға тиіс.

Қазақстан Республикасы "арналған елі" принципті бойынша жанама салық алуға көшпеген ТМД-ға қатысушы-мемлекеттерден әкелінген тауарларды кедендік ресімдеу барысында жанама салықты дұрыс қолдану үшін ҚҚС және/

немесе "шығарылған елі" принципі бойынша акциз алу принципінің қолданылуына, ұсынылған құжаттардың сәйкестігіне қол жеткізу қажет (ТМД СЭҚ ТН 2203 00, 2204 (2204 30-дан басқа), 2205, 2206 00, 2207, 2208, 2402 кодтары бойынша, 2709 00 - газ конденсатын қоса, тауарлардан басқа ставкалардың айырмашылықтары бойынша ҚҚС және акцизді қолдана отырып және/немесе акциз алмау арқылы). Осы мақсатта импорттаушы міндепті түрде мыналарды тапсыруы тиіс: экспорттаушы елде ресімделген тауарлардың кедендей жүк декларациясының көшірмесін; егер экспорттаушы елде тауарлар кедендей жүк декларациясын көрсетусіз оңайлатылған тәртіппен жарияланса, жоғарыда аталған көшірменің орнына онымен саудада жанама салықтар "шығарылған елі" принципі бойынша қолданылатын ТМД-ға қатысушы мемлекеттен тауардың шығарылғанын және жіберілгенін растайтын экспорттаушы мемлекетте ол бойынша тауар ресімделген құжат тапсырылады. Ескерту: Ескерту 6-тармақ өзгерілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V990946\_ 7. Акцизделетін тауарлардың тізімі: 1) спирттің барлық түрі; 2) арақ; 3) ликер-арақ өнімдері; 4) құшайтілген сусындар, құшайтілген шырындар мен бальзамдар; 5) шараптар; 6) коньяктар; 7) шампан шараптары; 8) сыра; 9) шарап материалдары; 10) темекі өнімдері; 11) құрамында темекі бар басқа өнімдер; 12) бекіре және қызыл балық тұқымдас балықтар, бекіре және қызыл балық тұқымдас балықтарының уылдырығы, бекіре және қызыл балық тұқымдас балықтардан және олардың уылдырығынан дайындалған женсік тағамдар; 13) алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар; 14) хрустальдан жасалған бұйымдар, хрустальдан жасалған жарық беретін аспаптар; 15) бензин (авиацияда қолданылатындарынан басқалары), дизель отыны; 16) жеңіл автомобилдерден (мүгедектерге арналған арнайы қолмен басқарылатын автомобилдерден басқалары); 17) атылатын және газ қарулары (мемлекеттік өкімет органдарының қажеті үшін алынатындарынан басқалары); 18) шикі мұнай, газ конденсатымен қоса ; 19 ) э л е к т р қ у а т ы .

Акциз салу мақсатында зергерлік бұйымдарға: әртүрлі әшекей ретінде қолданылатын, тұрмыстық және/немесе әрлеу болмаса басқа да мақсаттарда, әртүрлі салттар мен дәстүрлерді орындауға арналған бұйымдар, монеттер (занды төлем құралы дәрежесі бар және эмиссиядан өткен монеттерден басқалары); мерекелерге, мерейтойларға арналған белгілер мен медальдар (дәрежесі Қазақстан Республикасының және/немесе ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің заңдарымен белгіленген мемлекеттік наградалар, медальдар, айырым және анықтама белгілерінен басқалары) жатады.

8. Акциздің статусын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және импортталған акцизделетін тауарлардың табиғи түрдегі кедендей құнының

немесе нақты мөлшерінің проценті есебімен белгіленеді.

9. ҚҚС мен акциз шартта валютамен есептеледі және бағамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде белгіленген шетел валютасымен де, сондай-ақ тенгемен де төленеді.

Шетелдік валютада есептеліп, тенгемен төленген салық сомасын қайта есептеу республиканың кеден зандарында көзделген жағдайдан басқа уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде кеден мағлұмдамасы қабылданған күні қолданып жүрген курс бойынша жүргізіледі.

Салықтың бюджетке есептелуі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесе отырып бекіткен тәртіп пен мерзімде жүргізіледі.

10. Кеден органдары есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне дейін ай сайын осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысанда атқарылған кезеңдегі жұмыстар туралы тиісті салық комитеттеріне мәліметтер тапсырады. Салық комитеттері облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша көрсетілген мәліметтерді есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 25-інен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитетіне тапсырады.

Мақсатты пайдаланылуына байланысты салық төлеуде жеңілдіктер қарастырылған тауарларды импорттау немесе еркін кеден аумағына, болмаса арнайы экономикалық аймағына (бұдан әрі - АЭА) әкелінетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органдары есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін жүк қабылдаушы тіркелген жердегі немесе АЭА аумағында (және Қазақстан Республикасының сыртынан АЭА аумағына бұрын әкелінген және осы тауарды қабылдап алған салық төлеушінің тіркелген жердегі салық комитеті - Қазақстан Республикасы кеден аумағының басқа бөлігіне шығарғанда) мақсатты пайдалануға (өз мақсатты үшін, сатуға рұқсатсыз және т.б.) байланысты салықты төлеуде жеңілдіктер беріліп ресімделген тауарлардың жүк-кеден мағлұмдамасының көшірмесін, сондай-ақ еркін кеден аймағы режиміндегі АЭА аумағына әкелінген және/немесе еркін кеден аймағының өзгеруіне байланысты бұл аумақтан әкетілген шетелдік тауарларға тиісті есеп береді. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шетелдік тауарлар деп өзге мемлекеттердің аумағында шығарылған, Қазақстан Республикасы аумағында еркін айналымға шығарылуы үшін кеден режимінде ресімделмеген тауарлар деп ұғынылады. Осы тармақта сәйкес кеден органдары ұсынған жүк-кеден мағлұмдамасының көшірмесі салық органдары арқылы салық төлеушінің іс-қағазына тіркеледі.

## 2. ҚҚС және акциз төлеушілер

11. ҚҚС төлеушілердің қатарына Қазақстан Республикасының барлық занды және жеке резидент-тұлғалары, сондай-ақ қызметін тауарларды импорттайтын тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер жатады. Акцизді төлеушілер болып Қазақстан Республикасы аумағына акцизделетін тауарларды импорттайтын Қазақстан Республикасының барлық занды және жеке тұлғалары жатады. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚҚС және акцизді декларант немесе өзге тұлға кеден төлемін төлегендегі бірге, яғни кеден мағлұмдамасын кедендік ресімдеу ресімдеуге дейін немесе қабылдау кезінде төлейді.

ҚҚС төлеуді кейінге қалдыруға рұқсат берген жағдайда оны тіркеу жауапкершілігі рұқсат алған тұлғаға жүктеледі, ал оны уақытында төленуіне бақылау жасауды тиісті салық комитеттері жүзеге асырады.

Төленбекен салықтарды кеден органдары мынадай жағдайларда өндіріп  
а л а д ы :

өсімдер мен жауапқа тарту шараларын қолданусыз кедендік құны түзетілуі себепті сомаларды қайта қарау кезінде;

тауарлардың мақсатына сай пайдаланылмауы не жеңілдікті салық салынуына құқық беретін кедендік ресімдеу кезінде расталмаған құжаттар тапсыруына байланысты. Мұның өзінде өсім республиканың салық зандарына сәйкес, ал айыппұлдар республиканың кеден зандарына сәйкес төленеді.

Ескерту: Ескерту 11-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бүйрығымен. V990946\_

12. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңының 70-бабының 4-тармағына сәйкес ауыл шаруашылық өндірісінде қолданылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізімге енген жабдықтар, шикізат, материалдар, қосалқы бөлшектер мен дәрі-дәрмектер (бұдан әрі - осы тармақта тауарлар) импорттайтын салық төлеушілер есептеме әдісіне сәйкес ҚҚС төлейді.

Мұндай жағдайда импорттаушы кеден мағлұмдамасынан басқа осы нұсқаулықтың 3-қосымшасында келтірілген нысанда осы тармақтың 1-бөліміне сәйкес ресімделген тауарлардың ҚҚС сомасы бойынша ҚҚС мағлұмдамасы көрсетілген міндеттеменің екі данасын толтырады.

Импорттаушы толтырған және сол қойған міндеттеме негізінде кеден органдары белгілеген тәртіpte және ҚҚС алмай, акцизделетін тауарлар бойынша акциздерді төлеген жағдайда еркін айналысқа арналған тауарларды шығарады.

Импорт операциялары тұрақты түрде жүзеге асырылған кезде (тоқсанына 3 немесе 3 реттен артық) кеден органына салық органының анықтамасы тапсырылады, ол тоқсанына бір рет жаңартылады.

Импорттаушы қол қойған міндеттеменің бірінші данасын кеден органы салық төлеуші тіркелген жердегі салық комитетінің мекен-жайына жібереді.

Иморттаушы қол қойған міндеттеменің екінші данасын әкелінген тауарларды кедендік ресімдеген кеден органында қалдырады.

Тоқсанның қорытындысы бойынша кеден органдары мен салық комитеттері ҚҚС мағлұмдамасы мен салық төлеуші ұсынған қолда бар ақпараттық мәліметтерге осы тармақтың 1-бөліміне сай кедендік ресімдеу кезінде нақты төленбекен салық сомасына салыстырмалы тексеру жүргізеді.

Кеден мағлұмдамасының қайтарылатын данасы, сондай-ақ иморттаушы қол қойған міндеттеменің көшірмесі иморттаушыға қайтарылады.

Кеден органдары есептеме жүргізілген тауарлардың кедендік төлемдері мен ҚҚС салығы бойынша есеп-қисап нысанын толтырғанда осы тармаққа сәйкес есептелген ҚҚС сомасы мен өндіріп алғынған ҚҚС сомасы ескерілмейді. Мұндай жағдайда бұл сома "ҚҚС өзара есептеме жүйесі бойынша есептелді" деген бөлек жолмен беріледі. Кедендік ресімдеу барысында нақты салынбаған ҚҚС сомасын иморттаушы есептеме әдісіне сәйкес бухгалтерлік есептегі 633 кіріс және шығыс шотындағы "қосылған құн салығында", сондай-ақ тауар әкелінген кездегі есептеме кезеңінің ҚҚС мағлұмдамасында көрсетуге тиісті. Мысалы, кедендік ресімдеу егер 1998 жылдың сәуірінде жүргізілген болса, онда аталған сома 1998 жылғы сәуір айындағы ҚҚС мағлұмдамасында көрсетілуі тиіс.

Жоғарыда аталған тауарлар сатылуына қарай, сондай-ақ тауарлар салық төлеушіге оның кәсіпкерлік қызметі мақсатында берілсе, бірақ жеке мақсатында қайтарылмай пайдаланылса немесе шаруашылық жүргізуши субъектінің қызметі тоқтатылса, тауарлар құнына республиканың салық заңдарына сәйкес қосылған құн салығы салынуға жагады.

Егер имортталған тауарларға ҚҚС есептеме әдісі бойынша жүргізілген есепті кезеңде салық төлеушіде салық салынатын айналымдармен қоса ҚҚС-тан босатылған айналымдар бар болған жағдайда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңының 68-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес ҚҚС бойынша есептемеге айналымдағы жалпы соманың құн салығының сомасы алынады.

Мысалы, қазан айында имортталған жабдықтардың кедендік құны 100 мың теңге құрады, осы жабдықтар бойынша кеден төлемдерінің сомасы 10 мың теңге, есептеме әдісі бойынша есепте көрсетілуге тиісті ҚҚС сомасы 22 мың теңге ((100 + 10) x 20% = 22). Салық төлеушінің қазан айындағы тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сату бойынша жалпы айналымы 300 мың теңге сомасын

құрады. ҚҚС-дан босатылған айналым 150 мың теңге, демек, қазан айындағы салық салынатын айналымның үлес салмағы 50 %-ті құрайды. Жабдықтарды импорттау бойынша 11 мың теңге мөлшеріндегі ҚҚС сомасын өндіріс шығындарына жатқызу керек. Ескерту: Ескерту 12-тармақтың үшінші бөлігі толықтырылды, оныншы бөлігі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V990946\_3. ҚҚС пен акцизден босату 13. Акциздеуге жататын төмендегі импортталған тауарлар ҚҚС және акциздер салу: 1) Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мөлшер бойынша иморттауы;

2) тасымал жолдары және аралық аялдама пункттерінде жүктөрді, қол жүктөрін және жолаушылардың халықаралық тасымалын жүзеге асыру, сондай-ақ шетелдерден апatty (бұзылу) жоюға қажетті көлік құралдарын пайдалануы;

3) Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізгенше өнімдер мен материалдар ақаудың салдарынан пайдалануға жарамай қалған жағдайда акциз төлеуден босатылады. Мұның қуәландыруына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті белгілеген тәртіппен республиканың кеден шекарасының өткізу пунктінде кеден органдары толтырып, тасымалдаушы мен тәуелсіз сараптаудың немесе ҚазНИИСЭ болмаса кеден лабораториясының жауапты тұлғалары сол қойған осы тармақшамен

белгіленген ақт жатады;

4) шетелдік дипломаттар мен соған теңелген өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлері, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңдары негізінде күшіне енген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес салықтан босатылатын жеке мақсаттар үшін пайдалануға әкелінген тауарлар. Республиканың халықаралық шарттарының бар екендігінің қуаттауына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің берген ақпараты жатады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі берген ақпараттар бойынша халықаралық келісімдердің күшіне енгені туралы кеден органдарын хабарландырып отыруды қамтамасыз етуі тиіс;

5) осы нұсқаулықтың 10-бөлімінде көрсетілген, кеден режимі аумағынан босатылған, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін тауарлар (еркін айналым үшін шығарылған тауарлар режимінен басқасы);

6) оларға Қазақстан Республикасы қатысқан халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес кедендік ресімдеу кезінде акциз төлеуден босатуға жататын Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген тауарлар импорты

**б о с а т ы л а д ы .**

Ескерту: Ескерту 13-тармақтың бірінші бөлігі, 4) тармақша өзгертілді, 6) тармақшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086  
бұйрығымен. V 990946\_

**14. Қосылған құн салығы мынадай жағдайларда:**

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ізгілік көмегі ретінде әкелінген, акцизделетін тауарлардан басқа импортталған тауарларға.

**ККС төлеміне женілдіктер алу үшін кеден органдарына мынадай құжаттар тапсырылады :**

көлік және/немесе тауардың ілеспе құжаттары және/немесе Елшіліктің, Консулдықтың немесе халықаралық ұйым өкілдігінің әкелінген тауар мәртебесі көрсетілген **растамалары** ;

тауарлардың қайтарымсыз берілгендей фактісін куәландыратын құжаттар, оның ішінде шетел тілінде толтырылғандары да бар;

тауар қабылдаушының тауарларды тек тұрғындардың өмірі мен тұрмыс жағдайын жақсартуға жұмсайтындығы туралы осы нұсқаулықтың 4-қосымшасында белгіленген нысанда толтырылған міндеттемесі;

2) мемлекеттер, үкіметтер, халықаралық ұйымдар тарапынан, техникалық ынтымақтастықты қоса, қайырымдылық мақсаттағы акцизделетін тауарларды қоспай **тауарларды импорттағанда алынбайды.**

Мұндай жағдайда мыналар көрсетілуі тиіс:

шет елдер мемлекеттері мен үкіметтері және халықаралық ұйымдар бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінген тауарлар үшін:

көлік және/немесе тауардың ілеспе құжаттары және/немесе Елшіліктің, Консулдықтың немесе халықаралық ұйым өкілдігінің әкелінген тауар мәртебесі көрсетілген **растамалары** ;

қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарларды белгілейтін тиісті **кеleiсiмдер , шарттар** ;

тиісті техникалық ынтымақтастық бағдарламасы аясында техникалық ынтымақтастық ретінде әкелінген тауарларға-жүзеге асырылуы үшін тауар тасылып жатқан жобаның (техникалық ынтымақтастық бойынша шарттың) бағдарламасының атавы мен деректері көрсетілуге тиісті көлік және/немесе тауардың ілеспе құжаттары және/немесе Елшіліктің, Консулдықтың немесе халықаралық ұйым өкілдігінің әкелінген тауар мәртебесі көрсетілген растамалары; жүзеге асырылу үшін тауарлардың берілуі жүргізіліп жатқан жобаның (техникалық ынтымақтастық бойынша шарттардың) көшірмесі. Мұндай жағдайда Қазақстан тарапының техникалық ынтымақтастық

бағдарламасының орындалуын бағалайтын құзыретті орган Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне тиісті ақпарат береді. Кеден комитеті кедендік ресімдеуді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қамтамасыз ету үшін қол қойылған жобалар туралы республиканың кеден органдарын дер кезінде хабарландырып отыруды қамтамасыз етеді. Әкелінген тауарлар мен жобада көрсетілгеніндей әкелінуге тиісті тауарлардың біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында жобадағы тауарлардың құны бөлек жолда жазылып көрсетілуі тиіс;

3) шетелдік дипломаттар мен соған теңелген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлері олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары негізінде күшіне енген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес салықтан босатылатын жеке мақсаттар үшін пайдалануға әкелінген тауарлар. Республиканың халықаралық шарттарының бар екендігінің қуаттауына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің берген ақпараты жатады;

4) осы нұсқаулықтың 10-бөлімінде көрсетілген, кеден режимі аумағынан босатылған, Қазақстан Республикасының Кеден шекарасы арқылы өтетін "еркін айналым үшін шығарылған тауарлар" режимінен басқа тауарлар;

5) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды баж алымынсыз әкелу өлшеміне сәйкес келетін көлемдегі импортталған тауарлар;

6) ұлттық валютаның, шетел валюталарының ТМД СЭҚ ТН - 4907 00 300-ден , 7118 90 000-ден (нумизматтық мақсатта пайдаланылатындардан басқалары) кодтары, сондай-ақ бағалы қағаздардың ТМД СЭҚ ТН - 4907 00910-нан, 4907 00 990 - на н кодтары бойниша ;

7) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңының 57-бабының ережелеріне сай импортталған тауарлар ;

8) республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ мемлекеттік сыртқы зайлар есебінен сатып алынатын технологиялық жабдық импорты.

Мұның өзінде қосылған құн салығын төлеу жөнінде мынадай тәртіп белгіленеді :

республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен сатып алынатын технологиялық жабдық бойниша міндепті түрде мынадай құжаттар тапсырылуы тиіс :

бюджет қаражатының бөлінуі туралы бірінші басшы қол қойған ұйымның анықтамасы ;

Қазынашылық басқармасының (бұдан әрі - Қазынашылық) облыстық,

қалалық (Алматы, Астана қалалары бойынша) басқармаларының растамасы;

ұйымның бюджеттік шотынан алынатын технологиялық жабдықтың төленгендеген туралы анықтама;

не технологиялық жабдық мемлекеттік сатып алу туралы Шартқа сәйкес әкелінсе, - мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыруға конкурс жеңімпазы тендер жеңімпазы болған ұйымның шотына республикалық бюджет есебінен ұсталатын ұйымның бюджеттік шотынан нақты аударым туралы анықтама. Мұның өзінде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ресімделген конкурс қорытындысы туралы хаттама тапсырылады, онда: сатып алған технологиялық жабдықтың қысқаша сипаттамасы; онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған берушінің атау мен орналасқан жері және шарттық бағасы, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңда белгіленген өзге де мәліметтер болады;

мемлекеттік сыртқы зайлар (Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасының Ұкіметі немесе Ұлттық Банкі заемшы болып табылады) есебінен сатып алған технологиялық жабдық бойынша - Кредит Келісімінің (Займ туралы Келісімінің) нөмірі мен күні көрсетіліп, тауарлар импорты мемлекеттік сыртқы зайл шеңберінде сатып алғанғанын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі растамасы негізінде.

9) өзінің қажеті үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі жүргізген импортталған тауарлар;

10) дәрілік-субстанцияларды, соның ішінде дәріханаларда өзірленгендерін қоса дәрі-дәрмек құралдарының; протездік-ортопедиялық бұйымдардың; дәрі-дәрмек құралдарын өндіру үшін материалдардың; медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың, сондай-ақ оларды өндіру үшін материалдар мен жинақтаушы бұйымдардың импорты;

11) "Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар ережелеріне сәйкес кедендей ресімдеу кезінде қосылған құн салығынан босатылуға жататын Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін тауарлар импорты.

Ескерту: 14-тармақтың 1) тармақшаның екінші бөлігі, 2) тармақшаның екінші бөлігі, 8) тармақша жаңа редакцияда, 11) тармақшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V990946\_

15. Осы бөлімнің 1 және 2-тармақтарында келтірілген тауарлар кедендей ресімдеу кезінде ғана салықтан босатылады.

Тауарларды одан әрі сату үшін еркін айналымға шығарғаннан кейін акциз және ҚҚС салық заңдарымен белгіленген жалпы тәртіп бойынша төленеді. Бұдан

басқа салық бойынша берілген женілдіктерді сақтау қажеттігі кезінде шектеулер, талаптар немесе шарттар бұзылған жағдайда ҚҚС сомасы және/болмаса акциз республика кеден зандарына сәйкес жауапкершілік шараларын қолдана отырып өндірілуге жатады және республиканың салық зандарына сәйкес өсім алынады.

4. Берілген женілдіктердің есебі және бақылау жасау

16. ҚҚС және/немесе акциз төлемдері бойынша женілдіктер беріліп ресімделген, оның ішінде ЕӘА еркін кеден аймағы режимінде аумағына (аумағынан) әкелінген (әкетілген) тауарлар туралы мәліметтер негізінде кеден органдары тауарлардың мақсатты жұмсалуына бақылау жасайды.

Салық комитеттері салық төлеушіні жоспарлы салық тексеру, оның ішінде тауарлардың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасау үшін салық төлеу бойынша мақсатты женілдіктер беру арқылы немесе ЕАА режимінде ресімделген жүк-кеден мағлұмдамаларының көшірмелерін пайдаланады.

Ескерту: 16-тармақтың бірінші бөлігі толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086  
бұйрығымен. V 9 9 0 9 4 6 \_

17. ЕӘА аумағына әкелінген тауарларға бақылау жасау тауарлардың санын тексеру барысында олармен және/немесе ЕӘА аумағынан шығарылғанда жүргізілген операциялар барысында кеден және салық зандарының сақталуын қадағалаумен айқындалады.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңының 77-бабына сәйкес еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалардағы тауарларға есеп жүргізу көзделген. Осы тармақтың бірінші бөлімінде көзделген бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органдары және/немесе салық комитеттері сондай-ақ, ЕӘА аумағында кәсіпкерлік жұмыс жүргізіп жүрген тұлғалардың әкелінген, сақтауда тұрған, өндөліп жатқан, сатып алынған, сатылған шетелдік тауарлар туралы есептемесін пайдаланады.

Ескерту: 17-тармақтың екінші бөлігі өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086  
бұйрығымен. V 9 9 0 9 4 6 \_

18. Кедендік ресімдеу кезінде салық бөлімінде женілдіктер берілген тауарларды пайдалану және жұмсау барысында тәртіп бұзу, оның ішінде тауарларды ЕӘА аумағынан шығару туралы жалған мәлімет беру фактілері анықталған жағдайда тауарларды кедендік ресімдеу кезінде төленбей қалған ҚҚС және акциз бюджет кірісіне өндіріп алуға жатады. Егер тәртіп

бұзушылықты салық комитеті анықтаған болса, онда тауарларды кедендік ресімдеуге салық төлемі бойынша жеңілдіктер берілген немесе еркін кеден аймағы режиміндегі импорттау барысында тексеруге кеден органының лауазымды тұлғалары қатыстырылады.

Салық бойынша борыштарды өндіріп алу кезінде өсім республиканың салық зандарына сәйкес төленеді, жауапкершілік шаралары республиканың кеден зандарына сәйкес қолданылады.

## 5. Акцизді есептеу тәртібі

19. Кеден зандарына немесе табиғи нақты көлем арқылы белгіленетін кеден күні болып акцизделетін импортталған тауарлар бойынша салық салу объектісі жатады. Таңбалануға жататын тауарлар бойынша кедендік ресімдеу барысында төленуге тиісті акциз сомасы әкелінген тауарлар көлемі бойынша акциз алымы маркаларының құнына (оларды дайындау құнын қоспағанда) шегеріледі. 20. Қазақстан Республикасы аумағына кедендік құнының проценттік ставкасы бойынша салық салынатын акцизделетін тауарларды әкелу кезінде төленуге тиісті акцизді есептеу тауарлардың кедендік құнының кедендік мағлұмдамасында көрсетілген валютада жүзеге асырылады. 21. ЭКЮ ставкасы бойынша акциз салынатын тауарларға байланысты есептеменің негізгі табиғи мәніндегі нақты көлемі болып табылады. 22. ЭКЮ ставкасы бойынша салық салынатын тауарларға байланысты акцизін есептеу мынадай нысанда жүргізіледі :  $Ac1 = Tk^*A1$ , мұнда  $Ac1$  - акциздің мөлшері;  $Tc$  - тауардың саны;  $A1$  - тауар бірлігіне ЭКЮ бойынша акциз ставкасы.

23. Тауарлардың құнынан алынатын проценттік ставкасы бойынша ставка мен тауар бірлігінен алынатын ЭКЮ ставкалары қосылатын құрама акциз ставкалары бар тауарлар бойынша акциз есептемесі осы бөлімнің 2 және 4-тармақтарының ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Осы әдіспен акциз сомасын есептегеннен кейін салық төлеушіден төлем үшін алынған соманың ең үлкені алынады .

## 6. ККС төлеу тәртібі

24. Салық салынатын импорттың мөлшеріне Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес айқындалатын тауарлардың кедендік құны, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тауарларды импорттау кезінде төленуге тиісті алымдар сомасы енгізіледі. Салық салынатын импорттың мөлшеріне акциздер мен кеден баждарының төленген сомалары енгізілмейді. Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V990946\_ 25. Әкелінген тауарларды кедендік

ресімдеу кезінде төленуге тиіс салық мөлшері мынадай формулалар бойынша есептеледі: 1) тауарлар импорты кезінде алым алынуы тиіс тауарлар бойынша:  $Hc = (C + Cc) * H / 100$ , 2) тауарлар импорты кезінде алым алынуға жатпайтын тауарлар бойынша:  $Hc = C * H / 100$ , мұнда  $Hc$  - қосылған құн салығының мөлшері;  $C$  - кедендік құны;  $Cc$  - тауарлар импорты кезінде төленуге тиісті алымдар сомасы;  $H$  - қосылған құн салығының ставкасы. Ескерту: 25-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V990946\_26. Ескерту: 26-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V990946\_7. Жүк-кеден мағлұмдамасын толтыру тәртібі 27. Төленуге жататын акциз сомасын есептеу жүк-кеден мағлұмдамасында (ЖКД) және оның қосымша параллельда:

егер тауарлардан процент ставкалары бойынша акциз алынатын болса, тауарлардың кеден құны көрсетілген мәлімдеме валюта түрінде;

көрсетілген нақты көлем бірлігінің ЭКЮ ставкасы бойынша акциз салынатын тауарларды ресімдеу бойынша ЭКЮ түрінде жүргізіледі.

Ескерту: Мұндай жағдайда "есептеудің егжей-тегжейі" В бағанында нақты төленген сома туралы мәліметтер және төлем жүргізілген валютаның атауы көрсетіледі.

47-бағаның "Түрі" бірінші бағанында төлем коды:  
"30" - акцизді теңгемен есептеу кезінде;

"31" - курсы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы белгіленген шетелдік валютамен акцизді есептеу кезінде көрсетіледі.

47-бағаның "Аударым негізі" екінші ішкі бағанында толтырылмайды. Бұл кезде акциз сомасын есептеу негізі:

процент ставкалары бойынша құнына акциз салығы салынатын тауарларға шаққанда - 45-бағанда көрсетілген тауарлардың кедендік құны;

ЭКЮ ставкасы бойынша нақты көлемі бойынша көрсетілген акциз салығы салынатын тауарларға шаққанда - 31-бағаның оң жақтағы төменгі ішкі бағанында көрсетілген тауарлар саны болып табылады.

47-бағаның үшінші "Ставка" ішкі бағанында акциз ставкасында белгіленген мөлшері көрсетіледі.

47-бағаның төртінші "Сома" ішкі бағанында акциз төлеміне жататын сома көрсетіледі.

47-бағаның бесінші "ТӘ (төлем әдісі)" ішкі бағанында мыналар көрсетіледі:  
"бн" - банк арқылы қолма-қол емес есеп айрысу;  
"кт" - салық сомасын қолма-қол төлеу;  
"ун" - шартты салық есептеу.

28. Таңбалануға жататын акцизделетін тауарларды ресімдеу кезінде МКД-ны

және оның қосымша параптерын осы бөлімнің 1-тармағында көрсетілген тәртіпке сәйкес жүргізіледі. 29. ҚҚС есептеу тауарлардың кеден құны көрсетілген валютада жүргізіледі. Ескерту: Мұндай жағдайда "Корытынды есептің егжей-тегжейі" бағанында нақты төленген сома туралы және осы төлем жүргізілген валютаның атауы туралы болмаса салық төлеуді кейінге қалдыру туралы рұқсат берілгендейі жөнінде деректер көрсетіледі. 47-бағаның бірінші "Тұрі" ішкі бағанында мыналар: "32" ҚҚС-ны теңгеге шағып есептегендеге; "33" ҚҚС Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде белгіленген шетел валютасымен есептегендеге көрсетіледі. 47-бағаның екінші "Есептеу негізі" ішкі бағаны толтырылмайды. 47-бағаның үшінші "Ставка" ішкі бағанында ҚҚС ставкасының белгіленген мөлшері көрсетіледі. 47-бағаның төртінші "Сома" ішкі бағанында төленуге тиісті ҚҚС сомасы көрсетіледі. Қосылған құн салығы сомасын есептеу үшін 45-бағанда көрсетілген импортталатын тауарлардың кедендік құны негіз болып табылады, оған кедендік ресімдеу кезінде төленетін, осы декларацияға сәйкес есептелген және төленген алымдар сомасы қосылады. 47-бағаның бесінші "ТӘ" (төлем әдісі) ішкі бағанында мыналар көрсетіледі: "бн" - банк арқылы қолма-қол емес есеп айырысу; "кг" - салық сомасын қолма-қол төлеу; "оп" - салық төлеу бойынша кейінге қалдыруға берілген рұқсат; "ун" - шартты салық есептеу; "зн" - салықты есепке алу.

Осы Нұсқаулықтың 2-бөлімнің 2-тармағындағы есептеме әдісіне сәйкес салық сомасын төлеуді және есептеуді есептеме құжаттарында атқаруды қарастырғандықтан, ҚҚС төлеу кезінде 47-бағаның бесінші "ТӘ" ішкі бағанында "ун" коды көрсетіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 73-бабының 1-тармағында есепті кезеңде салық төлеушінің имортталған тауарлар бойынша салық төлеушінің ҚҚС төлемі есебіне ҚҚС сомасынан артылған есептеу көзделгендейін осындай есептемені жүргізген кезде 47-бағаның бесінші "ТӘ" ішкі бағанында "зн" коды көрсетіледі.

Ескерту: 26-тармақ алғынып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы З қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V 9 9 0 9 4 6 \_

#### 8. Төлем тәртібі мен мерзімі

30. Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды әкелу кезінде ҚҚС және акциз кеден мағлұмдамасын қабылдауға дейін немесе бірге төленеді.

Егер кеден мағлұмдамасы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 195-бабымен белгіленген мерзімде

берілмеген болса, онда ҚҚС және/немесе акцизді төлеу барысында осы сомаларды төлеу әрбір мерзімі өткен күн үшін (төлеу жүргізілген күнді қоса) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкаларының 1,5 есе мөлшерінде өсім алуға жатады.

31. Кеден органдары үшін ҚҚС және акциздің төленгені жөніндегі куәландыруға:

төлемнің жүргізілгенін куәландыратын төлемге алғандығы туралы банктің белгісі соғылған, декларант ұсынған төлем құжатының данасын және жасалған төлемді көрсете отырып, ұйымның бірінші басшысының, оның бас бухгалтерінің қолдарымен және ұйымның банктік, қаржылық құжаттарына арналған мөрімен куәландырылған банк көшірмесі;

төлемнің түскендігін куәландыратын Қазынашылықтың көшірмесі жатады.

Кеден органдары режимінің талаптарына сәйкес кеден органдарының депозиттік шоты төлемін қамтамасыз ету ретіндегі төленетін ҚҚС және акциз сомасына қатысты - төлемнің жүргізілгенін куәландыратын төлемге алғандығы туралы банктің белгісі соғылған төлем құжатының данасы және жасалған төлемді көрсете отырып, ұйымның бірінші басшысының, оның бас бухгалтерінің қолдары қойылған және ұйымның банктік, қаржылық құжаттарына арналған мөрімен куәландырылған банк көшірмесі;

Кеден органдарының депозитті шотынан төлемнің түскендігін куәландыратын  
көшірме.

32. Акциз төлемі бойынша рұқсат берілмейді.

Өнеркәсіптік өндеуге арналған импортталған шикізат пен материалдарға ҚҚС төлемі бойынша рұқсат "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 70-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайларда, Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленген тәртіпке сәйкес облыстар, Астана және Алматы қалаларының салық комитеттері береді. Мерзімі өткен қосылған күн салықты бойынша төлемдердің өндіріп алғынуна бақылау жасау тиісті салық комитеттеріне жүктеледі.

33. Әкелінген тауарлар бойынша кеден органдарының депозиттік шотына түскен салық төлемін қамтамасыз ету сомасы осы Нұсқаулықтың 10-бөлімінде белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесе белгіленген мерзімімен тәртіpte бюджетке аударылады.

34. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 73-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеуші тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша есептелген соманың артығына жатқызылған ҚҚС артық сомасын тауарларды

импорттау кезінде ҚҚС төлемі шотына жатқызуға құқылы және оны мынадай тәртіпте аударады:

1) ҚҚС артығының есептемесінің қайтарылуға жатпаған жағдайда. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша есептелген салық сомасынан артық, ҚҚС артығы есептемесіне жатқызылған соманы тауарлар импорттарын кедендік ресімдеу кезінде ҚҚС туралы есебіне жатқызады. Мұндай есептемені жүргізу үшін кедендік мақсаттар үшін қажетті жүк-кеден мағлұмдамасы және басқа да құжаттармен бірге салық төлеуші тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органына осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасында белгіленген нысанда толтырылған үш дана өтінішті, тауарларды импорттау кезінде төленуге тиісті ҚҚС сомасын көрсете отырып және пайда болған артығын тауарларды импорттауды кедендік ресімдеу кезінде ҚҚС төлемі есебіне жатқызу туралы өтініш ұсынады.

Өтініштің бір данасын тауарларды кедендік ресімдеу жүргізетін кеден органына береді. Көрсетілген өтінішке сай салық төлеушіден өтініш түскен күннен кейінгі келесі жұмыс күнінің аяғына дейін кешіктірмей осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша жүргізілген есептеме туралы күәліктің бірінші бөлімін толтырады.

Күәлік қатаң есептеме бланкасы болып табылады, үш данада толтырылып, кеден органы бастығының немесе оның міндетін атқарушының қолы қойылады, кеден органының мөрімен куәландырып, кеден органының тауарларды импорттаушы салық төлеушіге береді. Күәлікті толтыру барысында ешқандай өшіріп, жөндеуге жол берілмейді.

Өтініштің екінші данасын Күәліктің үш дана қосымшасымен бірге салық төлеуші өзі тіркелген салық комитетіне береді, олар алған құжаттар негізінде екі күн ішінде көрсетілген салықтың артығын тексереді және бар болған жағдайда Күәліктің көрсетілген ҚҚС сомасына салық төлеушінің жеке есебіне көрсетілген артық сома мөлшерінде есептеме жүргізеді. Мұндай жағдайда салық комитеті Күәліктің барлық үш данасының екінші бөліктерін толтырып, сол күні салық комитеті төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолы қойылып, салық комитетінің мөрімен куәландырылып, бірінші данасын кеден органына, екіншісін салық төлеушіге жібереді, үшіншісін салық төлеушінің жеке ісінде қалдырады.

Есептеменің жүргізілгендігі туралы салық комитетінен алынған Күәлік негізінде кеден органы тауарлар импортын кедендік ресімдеу кезінде ҚҚС төлемі шотына ҚҚС артығы есептелген бөлігіне ҚҚС төлемін алмай, акцизделетін тауарлар мен акциз бойынша белгіленген тәртіpte кеден төлемдері төленген жағдайда тауарларды еркін айналымға шығарады, сондай-ақ салық төлеушінің жеке есебіне артылған ҚҚС сомасының импорттау кезінде ҚҚС төлемі есебіне

жатқызылған соманың түскендігі ретінде көрсетеді;  
Отініштің үшінші данасы салық төлеушіде қалады.

2) Нөлдік ставка бойынша салық салынып, айналымдар бойынша қайтарымға жататын ҚҚС есептемесі.

Нөлдік ставка бойынша салық салынып, айналымдар бойынша қайтарымға жататын ҚҚС сомасының артығы салық төлеушінің тілегі бойынша тауарлар импортын кедендей ресімдеу кезінде ҚҚС есебіне немесе алдағы тауарлар импорты бойынша ҚҚС-тың алдын-ала төлеміне есептеуіне болады. Тауарлар импортын кедендей ресімдеу кезінде қайтарымға жататын ҚҚС-тың артығына есептеме жүргізу осы бөлімнің 5-тармағының 1-тармақшасында белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда тауарлар импортын кедендей ресімдеу барысында салық төлеушінің бюджетке басқа да салық және міндетті төлемдерді төлеуден қарызы болмаған жағдайда салық комитеті ҚҚС есептемесін жүргізеді. Алдағы тауарлардың импорты бойынша ҚҚС артығын ҚҚС алдын ала төлем жасау есебіне аудару үшін салық төлеуші тауарлардың кедендей ресімдеуін жүзеге асыратын кеден органына сыртқы сауда шартымен қоса осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасында көрсетілген отініш нысанында, үш данада толтырылған отінішті тапсырады.

Көрсетілген отінішті алғаннан кейін кеден органы салық төлеушіден отініш түскеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен қалдырмай есептеменің жүргізілгендердің туралы осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасында көрсетілген нысанда Куәліктің бірінші бөлігін толтыруды жүзеге асырады.

Куәлік қатаң есептеме бланкісі болып табылады, үш данада толтырылып, кеден органы бастығының немесе оның міндеттін атқарушының қолы қойылады, кеден органының мөрімен куәландырылып, кеден органы тауарларды импорттайтын салық төлеушіге береді. Куәлікті толтыру барысында ешқандай өшіріп жөндеуге жол берілмейді.

Отініштің екінші данасын Куәліктің үш дана қосымшасымен бірге салық төлеуші өзі тіркелген салық комитетіне береді, олар алған құжаттар негізінде екі күн ішінде көрсетілген салықтың артығын тексереді, бар болған жағдайда және осы кезеңде салық төлеушінің бюджетке басқа да салық және міндетті төлемдерден қарызы болмаған жағдайда Куәлікті көрсетілген ҚҚС сомасына салық төлеушінің жеке есебінде көрсетілген артық сома мөлшерінде есептеме жүргізеді. Мұндай жағдайда салық комитеті Куәліктің барлық үш данасының екінші бөлігін толтырып, салық комитеті төрағасының қолы қойылып, салық комитетінің мөрімен куәландырылып, бірінші данасын кеден органына, екіншісін салық төлеушіге жібереді, үшіншісін салық төлеушінің жеке ісінде қалдырады.

Есептеменің жүргізілгендердің туралы салық комитетінен алынған Куәлік негізінде кеден органы ҚҚС бойынша аванстық төлем есебінде есептеме

жүргізілген ҚҚС артығын салық комитетінің атауын және есептеме жүргізілгендігі туралы осы салық комитеті толтырған Куәліктің деректерін көрсете отырып салық төлеушінің жеке карточкасына енгізеді. Мұндай жағдайда тауарларды еркін айналымға шығару ҚҚС артығын ҚҚС төлемі есебіне аударылған ҚҚС бөлігін ұстамай белгіленген тәртіпте акцизделетін тауарлар мен акциз бойынша кеден төленген кезде тауарларды еркін айналымға шығару жүргізіледі.

Егер салық төлеушінің өтінішінде және осы тараудың 5-тармағының 2-тармақшасының 4-8 абзацтарында белгіленген тәртіп бойынша ресімделген басқа да құжаттарда сыртқы сауда шарты бойынша көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасының аумағына импортталмайтын болса, онда көрсетілген тәртіпке сәйкес ҚҚС төлемі есебінде есептелме жасалған, сондай-ақ ҚҚС бойынша аванстық төлем есебінде көрсетілген сома қайтарылуға жатпайды және осы салық төлеушінің келесі жолғы тауарлар импорты берілгенде ҚҚС төлемі шотына кеден органдары есептеме жасайды.

Осы тараудың 5-тармағының 2-тармақшасына сәйкес есептеме жүргізгенде есептеме жүргізілген ҚҚС сомасы есептеме жүргізілген сәттен бастап республиканың салық заңдарына сәйкес жинақталған өсімімен бюджетке аударуға жатады, егер:

Есептеме жүргізілгеннен кейін заңды тұлғадан алынатын табыс салығы бойынша алдын-ала есеп бойынша есепті кезенде (толық есептеме) зиян анықталған болса;

және мұндай кезде пайда болған зиянның сомасы бұрынғы есептеме шотын есепке алмағанда толық есеп берілген күнге нақты қайтарылуға тиісті ҚҚС сомасына тең немесе одан артық болса.

Осы тармаққа сәйкес ҚҚС сомасын өндіріп алуды бұрын есептеме жасаған салық комитеті жүргізеді.

Өтініштің үшінші данасы салық төлеушіде қалады.

3) ҚҚС есептемесі ресіміне бақылау жасау және тәртіпке түсіру үшін: салық комитеттері арнайы журнал ашады. Журналда мынандай мәліметтер көрсетіледі:

салық төлеушінің атауы, оның СТН;

кеден органды мәлімдемесі мен салық төлеушінің жазбаша өтінішінің түскен күні, ол құжаттардың деректерін көрсете отырып;

кеден органдының мәлімдемесінде көрсетілген ҚҚС сомасы;

есептеменің өткендігі туралы куәландырумен қоса кеден органдына түскен құжаттың жіберілген күні мен нөмірі;

есептеме бекітілген күнге есептеме жатқызылатын есептелген салық сомасынан тыс ҚҚС артық сомасы;

## есептеме жүргізілген ҚҚС сомасы.

Журналдың беттері нөмірленіп, байлануға және салық комитетінің мөрімен бекітілуге тиіс. Салық төлеушінің өтініші, кеден органының мәлімдемесі және салық комитетінің куәландыруының екінші данасы салық төлеушінің ісіне тігіледі;

Кеден органдары салық төлеушінің өтінішін және тауарларды импорттау барысында ҚҚС төлемі есептемесі ретінде жатқызылған куәландыру есебіндегі салық комитетінің куәландыруын тігеді.

Ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей кеден органдары осы тараудың 5-тармағына сәйкес есептеме жүргізілген салық төлеуші тіркеуден өткен жердегі салық комитетіне осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес есеп тапсырады.

Салық төлеушінің өтініші және тауарлар импорты кезінде ҚҚС төлемінің куәландыруы ретінде есептеме жүргізілгендердің туралы салық комитетінің куәландыруын салық органдары тігеді.

Есептеме жүргізілгендердің туралы Куәлікті кеден органына жіберген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей салық комитеті Қазынашылыққа салық комитетінің мөрімен куәландырылған куәліктің көшірмесін қосымшаларымен қоса тиісті мәлімдеме жібереді. Көрсетілген мәлімдеменің негізінде Қазынашылық отандық тауарлар бойынша нақты түсін ҚҚС сомасын шегере және импортталған тауарлар бойынша ҚҚС түсімін ұлғайта отырып кірістердің бюджеттік жіктелуінің тиісті кодтары бойынша есептеме жүргізеді.

Куәлік: салық төлеуші үшін тауар иморттау барысында ҚҚС төлемінің куәландыруы; салық комитеті үшін салық төлеушінің салық комитетінің жеке есебімен салық төлеушіге қайтарылған ҚҚС көрсететін негіз болып;

Кеден органы үшін салық төлеушінің кеден органындағы жеке есебіне ҚҚС төленгендігін көрсететін негіз болып табылады.

Осы тараудың 5-тармағына сәйкес импортталған тауарларды кедендей ресімдеу кезінде ҚҚС төлемі жүргізілген есепті кезеңдегі ҚҚС бойынша мағлұмдамада салық төлеуші мағлұмдаманың тиісті жолдарында импортталған тауарлардың құнын көрсетеді.

Салық комитетінің куәландыруына сәйкес тауарларды иморттау кезінде ҚҚС төлем жасау шотына есептелген, осы Нұсқаулықтың 8-бөлімінің 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген тәртіптегі есептемеге жататын ҚҚС артық сомасын кеден органдары ҚҚС есептелген Соманы және ҚҚС өндіріп алған Соманы қамтымай, "ҚҚС артығын есептеу арқылы жүргізіледі" деген бөлек жолмен кеден төлемі мен салығы бойынша есеп беру нысанын толтыру кезінде көрсетеді. Ескерту: 34-тармақтың 1), 2) тармақшалары толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3

қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V990946\_9. Бұрын төлген ҚҚС сомасы және акцизді қайтару 35. Төленген ҚҚС сомасының артығы және (немесе) акциздің есептелгенінен артығы: салық төлеушінің келісімі болған жағдайда алдағы төлемдер бойынша міндеттемелер есебіне жатқызылады; салық төлеушінің жазбаша өтініші бойынша өтініш берген күннен бастап 20 күн ішінде төлеушіге қайтарылады.

Кеден режимдерінің талаптарына байланысты төленген ҚҚС сомалары мен акциз, бірақ қайтарылуға жататын ҚҚС сомалары мен акцизді кеден органдары өтініш берілген күннен кейін үш күннен аспайтын мерзім ішінде кеден режимдері шарттарына сай қайтарады. ҚҚС сомасы және акцизін қайтару үшін кеден органдарына мынадай құжаттар берілуге тиіс:

салық төлеушінің төленген немесе өндіріліп алғынған ҚҚС сомасы және  
акцизін қайтару туралы өтініші;

кеден органдары толтырған және ресімдеген салықтық есептеуге және алуға  
негіз болған жүк-кеден декларациясы;

төлемнің жүргізілгендерін куәландыратын төлемге алғынғандығы туралы  
банктің белгісі соғылған төлем есебіне жатқызылған ҚҚС сомасы және акциздің  
төлем құжатының көшірмесі және төлемнің жүргізілгендері туралы ұйымның  
бірінші басшысының, оның бас бухгалтерінің қолы қойылған және ұйымның  
банк және қаржы қаражаттарына арналған мөрімен куәландырылған ұйымның  
банк шотынан банк көшірмесі.

Транзит режимі бойынша салықты қайтарған жағдайда кеден аумағында тауарларды өндеу, қайта экспорттау кезінде осы нұсқаулықтың 10-бөлімі режимінің көрсетуі бойынша белгіленген қосымша құжаттар ұсынылады.

Кеден құнын түзетулерге байланысты артық өндіріп алғынған соманы қайтаруды кеден органдары импорттаушының тіркелген орыны бойынша жүргізеді. Осы мақсатта салық органына кеден құнын түзетулерге байланысты қайтаруға жататын салық сомасы туралы кеден органына қорытынды ұсынуы қажет. Мұндай қорытындыны алу үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың кедендерінде құнын мәлімдеудің тәртібі мен ережелері туралы (Салық комитетінің 1995 жылғы 11 қазандағы N 141-б бұйрығымен бекітілген) ережеде көзделген қосымша құжаттарды және төленген немесе өндіріп алғынған соманың артық екенін дәлелдейтін құжаттар беруге тиісті, оның ішінде:

кеден құнын түзетудің қажеттігін белгілейтін кеден құны декларациясы;

сондай-ақ, тауарлардың мәлімделген құны бойынша шот-фактура және өзге де құжаттар, болмаса тауарлардың кеден құнын анықтау кезінде мәліметтердің анықтығын куәландыратын дәлелдемелер.

Одан басқа, салық органына импортталатын тауарлардың деректері бойынша

бұрын есепке жатқызылған, оған сәйкес ҚҚС сомасын түзету жүргізілетін ҚҚС бойынша **декларация** ұсынылады.

Кеден органдының және белгіленген тәртіпте салық органы түзету жүргізілген ҚҚС бойынша салық декларациясы ұсынылған негізде ҚҚС сомасын қайтаруды жүргізді.

Кедендік ресімдеуді жүргізгеннен кейін жеңілдетілген салық салуға құқық беретінін дәлелдейтін құжаттарды ұсынған жағдайдағы қайтарымды республика салық заңдарына сәйкес салық органдары жүзеге асырады. Мұның өзінде оған сәйкес салықтар есептелген және төленген, тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органы куәланышынан мемлекеттік салық декларациясының **көшірмесі** **қоса** **беріледі**.

Ескерту: 35-тармақтың сегізінші бөлігінің екінші сөйлемі жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086 бұйрығымен. V990946\_

10. Әртүрлі кеден режимдері кезінде ҚҚС және акциздік қолданудың **ерекшеліктері**

### 36. Тауарларды еркін айналымға шығару.

Еркін айналым үшін (импорт) Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген тауарларға осы нұсқаулықтың 3-бөлімінің 1 және 2-тармақтарында белгіленген жағдайда басқа уақытта Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы нұсқаулықпен белгіленген тәртіппен ҚҚС және акциз алынады. Еркін айналымға шығару режимінен басқа кеден режимінің өзгеруі кезінде Қазақстан Республикасының аумағына еркін айналымға шығару үшін кеден режимінде кеден декларациясы қабылданған күні әрекет ететін салық салу тетігі **қолданылады**.

Ликер-арақ бұйымдарын, күшнейтілген сусындарды, күшнейтілген шырындарды, шараптарды, бальзамдарды жасау үшін әкелінетін спиртке акциздің жеңілдетілген ставкасын қолдану үшін акциздің мұндай қолданылуын қосымша және міндettі куәланышылатынын білдіретін кеден органына салық комитетінің соңғысы ликер-арақ немесе жоғарыда санамалап келтірілген алкогольді бұйымдардың бірі бойынша акциз төлеуші болып табылатындығы туралы тауар өндірушінің тіркелген жері бойынша ұсыныс болып табылады.

### 37. Тауарларды қайта импорттау.

Қазақстан Республикасының аумағынан бұрын экспортталған қазақстандық тауарларды қайта экспорттағанда ҚҚС және акциз алынбайды.

Қазақстандық тауарлар республиканың кеден заңдарына сәйкес - Қазақстан Республикасында шығарылған тауарлар немесе Қазақстан Республикасы

аумағында еркін айналымға жіберілген тауарлар.

Тауарларды тауарлардың қайта импортының кедендейк режиміне жатқызу  
У ш і н :

экспорттық кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағынан одан  
тысқары шығарылған тауарлар болуы;

шығарылғаннан кейін үш жыл ішінде Қазақстан Республикасының кедендейк  
аумағына әкелінген болуы;

табиғи тозудың немесе тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары  
кезіндегі шығынның және орталық кеден органы белгілейтін басқа  
жағдайлардың салдарынан Қазақстан Республикасының шет елдердегі  
консулдық мекемелері растиған өзгерістерді қоспағанда, нәтижесінде  
шығарылған кездегі тауардың белгіленген құны көтерілмейтін, олар шығарылған  
кезде қандай болса, сол күйінде қалуы тиіс.

Мұндай жағдайда жөнелтілген құні деп тауарды жөнелткенде ресімдеген  
МКД қабылданған құн есептеледі.

Талаптардың орындалуын бақылау Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден  
комитетінің тауарларды қайта импорттау жөніндегі нормативтік-құжаттық  
актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Тауарларды ТМД-ға мүше мемлекеттерден тыс мемлекеттерден қайта  
импорттау кезінде тауарларды қозғалысқа түсіретін тұлға тауарларды әкету  
кезінде басқа да жеңілдіктер қатарында төлем ретінде алынған соманы  
қайтарады. Бұл сомалардан басқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы бойынша төлемнің  
қайтарылған құніне дейінгі кезеңге олардан проценттер өндіріліп алынады.

### 38. Тауарларды транзиттеу.

Тауарларды транзиттеу кезінде қосылған құны салығы мен акциз алынбайды.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы спирт және алкогольды  
өнімдерді тасымалдау жөнелтуші кеден органының депозитіне ҚҚС төлемінің  
қамтамасыз ету сомасын және акцизді алғаннан кейін не "Қазақстан  
Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Занының 35-  
бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өзге де  
жағдайларда жүргізіледі. Жөнелтуші кеден органының алынған ҚҚС төлемін  
қамтамасыз ету сомасы мен акцизді қайтаруы жөнелтуші кеден органы арқылы  
Қазақстан Республикасы аумағынан нақты шығарылған тауарларды қабылдаушы  
кеден органы қатаң төлем құжаттарының деректеріне сәйкес куәландырған  
немесе транзиттік тауарларды Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым  
салынған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте:

"жөнелтуші кеден органы" - қызмет көрсету аймағында нақты тауар әкелуді  
жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының кедендейк шекарада өткізу пункті

орналасқан Қазақстан Республикасының кеден органы;

"арналған кеден органы" - қызмет көрсете аймағында нақты тауар әкетуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының кедендік шекарада өткізу пункті орналасқан Қазақстан Республикасының кеден органы.

Егер жөнелтуші кеден органында Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды нақты әкетуді қуәландыру болмаған жағдайда жөнелтуші кеден органының депозит шотына салынған ҚҚС төлемін қамтамасыз ету сомасы мен акциз тауарлар арналған кеден органына жеткізуге қажетті уақыттан соң жеті күн өткеннен кейін мемлекеттік бюджет кірісіне аударылады.

Салынған ҚҚС сомасы және акцизді қайтарудың негізі болып кеден органына тапсырылан:

ҚҚС және акциз төлемдерін қамтамасыз ету мақсатында салынған қайтарылуға тиісті ақша қаражаттарын салық төлеушінің банк деректерін көрсете отырып, қайтаруын сұраған салық төлеушінің жазбаша өтініші;

тауар әкелу кезінде ресімделген МКД көшірмесі немесе тауардың республиканың кеден шекарасынан өткізлгенін қуәландыратын Қазақстан Республикасы кеден шекарасындағы өткізу пункті кеден органының белгісі бар МКД-ны алмастыра алатын басқадай құжат;

төлемге алынғандығы туралы төлемнің жүргілгенін қуәландыратын банктің белгісі бар есептелген ҚҚС сомасын және акциз алғандығы жөніндегі төлем құжатының көшірмесі және мекеменің бірінші басшысының, оның бас бухгалтерінің қолымен, сондай-ақ ұйымның банк және қаржы құжаттарына арналған мөрімен қуәландырылған ұйымның банктік шотынан банк көшірмесі;

тауарларды Қазақстан Республикасы аумағынан нақты жөнелтілгендігі туралы Қазақстан Республикасы аумағындағы шекаралық кеденнің белгісі бар және өзінің аумағына нақты әкелінгендігі туралы іргелес мемлекет аумағындағы шекаралық кеденнің белгісі бар тауарлардың ілеспе құжаттары немесе олардың көшірмелері болып табылады.

Тауарлар арналған кеден органына жеткізілмеген жағдайда егер тауарлар апаттық немесе еріктен тыс күштің салдарынан жойылып кеткен немесе қайтарымсыз жоғалған болмаса немесе жетімсіздік табиғи тозу немесе қалыпты жағдайдағы тасымалдау және сақтау барысындағы шығынын немесе тауарлар шет мемлекеттегі органдардың, лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес келмейтін әрекеттері салдарынан иеліктен шығып кеткен жағдайда (соңғы бөлігі тауарларды шет мемлекет аумағы арқылы транзиттеу жағдайына қатысты) қоспағанда, ҚҚС және акцизді тасымалдаушы еркін айналымға шығарғандағыдан төлейді.

Ескерту: 38-тармақтың үшінші бөлігі өзгертилді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086

39. Кеден қоймалары .

Шетел тауарларын кеден қоймаларына орналастырғанда ҚҚС және акциз алынбайды. ҚҚС және акциз алу тауарлар қоймадан еркін айналымға шығарылғанда кеден зандарында белгіленген тәртіпте, ал басқа кеден режимінде -  
сол режимге сәйкес жүргізіледі.

Кеден қоймасы арқылы айналымға түсетін тауарларға қатысты ҚҚС және акциз төлемі үшін жауапкершілікті:

кеден қоймасының иесі ;

егер кеден қоймасы Қазақстан Республикасы кеден органдының иелігінде болса ҚҚС және акциз төлемі бойынша жауапкершілік тауарларды кеден қоймасына сақтауға орналастырған тұлғаға жүктеледі;

"Кеден қоймасы арқылы өтетін тауарларға қатысты қосылған құн салығы мен акциздер төлеу жөнінде жауапкершілік декларантқа жүктеледі. Кеден қоймасына сақтауға тауарлар қойған тұлға декларантпен бірге жауап береді.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабында белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда кеден төлемдері мен салықтарын төлеу жөніндегі жауапкершілік кеден қоймасы иесіне жүктеледі .

Ескерту: 39-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086  
бұйрығы мен . V 9 9 0 9 4 6 \_

40. Баж алынбайтын сауда дүкендері .

Баж алынбайтын сауда дүкендерінде ҚҚС және акциз алынбайды. Баж алынбайтын сауда дүкені режимі талаптарын сақтамаған жағдайда ҚҚС және акциз төлемі үшін жауапкершілік баж алынбайтын сауда дүкенінің иесіне жүктеледі .

41. Қазақстан Республикасы кеден аумағында тауарларды өндеу.

Тауарлар ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің шегінен тыс әкелінгенде ҚҚС және акциз еркін айналымға шығарылғандағыдай есептеліп, декларанттың таңдауымен оларды төлеу не уәкілетті банктің кепілі түрінде немесе Қазақстан Республикасының кеден органдының депозиттік шотына тиесілі сома енгізілуімен төлем қамтамасыз етіледі. Өндеу өнімдерін ТМД-ға қатысушы-мемлекеттер шегінен әкетілгенде кеден зандарының ережелері сақталған және өндөлетін өнімдер Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өткеніне екі жылдан аспайтын кезеңде экспортталған болса әкелу кезінде төленген немесе енгізілген қосылған құн салығы мен акциздер қайтарылуға жатады не уәкілетті банктің

кеңілінің күші тоқтатылады. Қазақстан Республикасының аумағынан нақты әкетілген тауарлар туралы Қазақстан Республикасы кеден шекарасының өткізу пунктіндегі кеден органының күәландыруы болған жағдайда төлем қай валютада жүргізілсе қайтарып сол валютада жүзеге асырылады.

ҚҚС сомалары мен акциз төлемдерін қамтамасыз ету ретінде төленген немесе салынған соманы қайтарудың негізгі қызметін:

ҚҚС және акциз төлемдерін қамтамасыз ету ретінде төленген немесе салынып, салық төлеушінің сұранымына сәйкес қайтарылуға тиісті ақша қаражаты бойынша салық төлеушінің банк деректері көрсетілген жазбаша арзы;

тауарларды өндеуге әкелу кезінде ресімделген, соған сәйкес ҚҚС және акциз есептеліп, алынған мемлекеттік кеден декларациясының көшірмесі;

төлемге алынғандығы туралы төлемнің жүргілгенін күәландыратын банктің белгісі бар есептелген ҚҚС сомасы және акцизді алғандығы жөніндегі төлем құжатының көшірмесі және ұйымның банктік шотынан жүргілген төлемді көрсете отырып, мекеменің бірінші басшысының, оның бас бухгалтерінің қолымен, сондай-ақ ұйымның банк және қаржы құжаттарына арналған мөрімен күәландырылған банк көшірмесі;

тауарларды республиканың кеден аумағында өндеуге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті берген рұқсаттың көшірмесі;

тауарлардың Қазақстан Республикасы аумағынан (арналған кеден) нақты әкетілгендігі туралы Қазақстан Республикасы аумағындағы шекаралық кеденнің белгісі бар және өзінің аумағына нақты әкелінгендігі туралы іргелес мемлекет аумағындағы шекаралық кеденнің белгісі бар тауарлардың ілеспе құжаттары немесе олардың көшірмелері;

өндегені үшін, оның ішінде тауарларды өндеуге әкелуді жүзеге асырған қазақстандық тұлға жүргізген жөндеу жұмыстарының өтемін қоса, есептеме жасалғандығына күәландыру құжаттар атқарады.

Егер өндеуге әкелінген тауарларды өндеу қызметінің төлемі оның бөлігі бойынша жасалатын болса онда тауардың осы бөлігі еркін айналымға шығару режиміне қатысты қолданылып жүрген тәртіpte ҚҚС салығын және акциз алуға жатады. Егер қызмет көрсету ақысы өнделетін өніммен жүргізілсе онда ҚҚС және акциз Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналымға шығарылатын өнделген өнімдердің құнынан ғана алынады.

Ескерту: 41-тармақтың екінші және үшінші бөліктері өзгертілді, үшінші бөліктің бесінші абзацы алғынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1086

42. Кеден бақылауы аясында тауарлар өндеу.

Кеден бақылауы аясында өндеуге тауарлар әкелген кезде ҚҚС және акциз алынбайды.

Егер өндеуге әкелінген тауарларды өндеу қызметінің төлемі оның бөлігі бойынша жасалатын болса онда тауардың осы бөлігі еркін айналымға шығару режиміне қатысты қолданып жүрген тәртіпте ҚҚС және акциз салығын алуға жатады. Егер қызмет көрсету ақысы өнделетін өніммен жүргізілсе онда ҚҚС және акциз Қазақстан Республикасы аумағында еркін айналымға шығарылатын өнделген өнімдердің құнына салынады.

43. Уақытша әкелу және уақытша әкету.

Уақытша әкелу кезінде ҚҚС және акциз алынбайды.

44. Еркін кеден аймақтары және уақытша қоймалар.

Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) аумағында еркін кеден аймағы режимі қолданылады.

АЭА аумағында еркін кеден аймағы режимімен мынадай шетел тауарларын орналастыруға рұқсат етіледі: Қазақстан Республикасының кеден зандарында белгіленген жеткілікті ұқсату өлшемдеріне сәйкес ұқсатуға арналған (спирттен басқа) тауарлар, сондай-ақ, жабдықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден зандарымен белгіленген жеткілікті өндеу талаптарына сәйкес өндеуге (спирттен басқа) арналған тауарлар.

Ұқсатуға арналған тауарлар, сондай-ақ, жабдықтардың еркін кеден аймақтарында орналастыруға рұқсат беріледі.

Ұқсатуға арналған (спирттен басқа) тауарлар, сондай-ақ, жабдықтарды еркін қоймаларға орналастыруға рұқсат беріледі.

Егер мұндай тауарлармен мыналар:

ұқсату (спирттен басқа) бойынша өндірістік операциялар.

Мұның өзінде ЕА аумағында ұқсату жеткілікті ұқсату өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;

өзге де коммерциялық операциялар жүргізілсе, "Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден аталған тауарлар әкелінген кезде тауарлардың қай елде шығарылғанына қарамастан не шетелдік тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағының басқа бөлігінен ЕА аумағына әкелінген кезде оларды еркін кеден аймақтарында немесе бос қоймаларға орналастыруға қосылған құн салығы мен акциздер алынбайды.

Егер мұндай тауарлармен мыналар:

ұқсату бойынша өндірістік операциялар;

өзге де коммерциялық операциялар жүргізілсе, Қазақстан Республикасынан

тысқары жерлерден аталған тауарлар әкелінген кезде тауарлардың қай елде шығарылғанына қарамастан не шетелдік тауарларды кеден аумағының басқа бөлігінен әкелген кезде қосылған құн салығы мен акциздер алынбайды.

Алкогольді өнімдерді шығаруда қолданылатын тауарларды қайта өндеу не болмаса тауарларды бөлшек саудада сатқан салықты өндіріп алуды және жауапкершілік шараларын қолдануды еркін кеден аймағы немесе еркін қойма кеден режимімен орналастырылған тауарларға бақылау жасауды жүзеге асыратын кеден органдары жүзеге асырады. Бұл орайда, салықты алу салық зандарына сәйкес жүргізіледі, кеден режимінің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану - кеден зандарына сәйкес жүргізіледі.

Еркін кеден аймағы немесе еркін қойма кеден режимімен орналастырылған, салық зандарына сәйкес салық салуға жататын тауарлармен өндірістік немесе өзге операцияларды жүзеге асыру кезінде мұндай операциялардан белгіленген салық зандарының тәртібінде ҚҚС және акциз алынады.

